

F. КИЯСБЕК

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ ӨНЕР НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ “БҰЛАН-ГРИФОН” ОБРАЗЫ

“Жасанған театрдағы ойыншыдай,
Құздардың көрінеді аң аланаңан.
Қылның жынысында бар деседі
Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан.”

(I.Жансүрөв)

Құдия шапқан құландаі,
Жымия қашқан бұландаі,
Бауырымды жазамын.
(Ақын жырлары)

Ежелгі скиф-сақ халықтарының заттай мәдениетінің мұрасы өр жыл сайын қазба нәтижесінде табылып отырған археологиялық олжалармен молайып, толысқан сайын, сол құндылықтарды зерттеп, өз бағасын беру – қазіргі тандағы негізгі шаралардың бірі болып табылады. Ерте темір дәуірінің мәдениетін зерттеуде тек заттарды сипаттаумен ғана шектеліп қалмай, халықтың ой-санасында, наным-сенімдерінде “ойып тұрып” орын алған белгілі бір образдардың мән-мазмұнын шешуге тырысу немесе “мәтінін оқуға” талпынып көру – көптеген зерттеушілерді ертеден толғандырып келе жатқан мәселе.

Б.д.д. И.м.ж-та Ұлы Дағаны қоныстанған тегі мен тілі өртүрлі болса да айналысқан шаруасы мен қылған көсібі бір, жасаған өнер туындылары мен қалыптасқан дүниетанымы, яғни рухани дүниесі үқсас (кейбір тұстары тіпті ортак) болған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы тайпалар мен тайпалық одақтардан біздің қунғе дейін аманесен жеткен бұйымдары өртүрлі материалды колданумен жасалғаны белгілі. Темір, қола (мыс), алтын сияқты сакталу деңгейі едөур жоғары болатын өнімдерден өзге ерекше жағдайларды қажет ететін ағаш, киіз, былғарылардан да ойылып, пішілген шығармашылық туындылары 1998 жылдан бері кешенді түрде зерттеліп келе жатқан Алтай тауы баурайындағы Берел елді мекенінен соңғы жылдары көптеп табылып отыр¹. Ежелгі майталмандардың шеберлігі мен талғамы өте жоғары деңгейде орындаған ой-санасында, дүниетанымында берік орын алған түрлі аң образдары

ішінде қиял-ғажайып самұрықты еске салатын грифон бейнесі өте көп ұшырасады. Бұл образ ежелгі “берелдіктердің” (“пазырықшылардың”) сүйікті де сүйкімді, аса құрмет пен кошеметке ие болған бейнесі десек те болады. Жұмбаққа толы “Тазқара (немесе Құмай) тайпасы” жөніндегі деректер ежелгі тарихшылар мен түрлі басқа да мамандардың назарын аударып, қалам сілтетсе, бұғіндері талай зерттеуші ғалымдардың түрліше болжам-жорамалдар жасауына себеп болып отыр. Бір қызығы ежелгі авторлар денесі арыстан немесе ит тәріздес, басы құстікіндей қанатты құбыжық жөнінде мөліметті ғана берсе, археологиялық қазбалар мен кездейсок олжалардағы скиф-сақ кезеңінің бұйымдары мен өшекейлерінде грифонның жыртқыштарға қоса шөпқоректі, тұяқты жануарлармен де қосарланған бейнелері көптеп кездесіп отыр. Біз осы мақалада “ежелгі көшпелілердің” өнеріндегі бұлан-грифоны жөнінде өңгіме қозғап көрмекшіміз.

Табылған заттардың тарихи, мәдени құндылығы мен атағы Қазақстаннан асып, шет елдерге тараған Берелдегі №36 обадан сүйектен ойылған ат өбзелінің өшекейлері табылған болатын. То-наушылар көзінен таса қалған алтын қалайыларының (фольга) ұсақ бөлшектері мен ак пастадан жасалған моншактардан баска, көшпелі ақсүйектің “қанатты” серігі – сүйек ілдірігі және қапсырмалармен сөнделген жылқы табылды. Ол астына жалпақ плита тас төсөлген цистаның солтустік қабырғасы ішіндегі лакатқа қойылып, таспен “бүркелген” себепті де каракшылардан аман қалған.

¹ Самашев З., Сүңгатай С., Жұмабекова Г. Ежелгі берелдіктердің ғажайып мәдениеті // Қазақ тарихы. 1999. №2. 57-65-бб.; Самашев З., Горбунов А.П., Северский Э.В. Берел. Вечная мерзлота — хранительница древностей. Алматы, 2000; Самашев З., Мыльников В. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая. Алматы, 2004.

Ат өбзелі - сулық және тартпаның айыл басы қызыметін атқаратын екі затқа қоса мандаіын, тұмсық үстін, шекелігі мен сақалдырығын, өмілдірік пен тартпасын, құйысқанын сөндеген, тек әшекей ретінде қолданылған 66 сүйек бұйымнан тұрады. Ежелгі қошпелілердің бірде бір обадағы осы қөлемдегі сүйектен (мүйіз) ойған скиф-сақ аң стиліндегі өнер үлгілері Алтай өнірі емес, тіпті алып Еуразия территориясынан бұрын-сонды кездеспеген. Санына сапасы сай осы әшекейлердің бір ғана негізгі образ – грифон бейнесі алып тұр. №11 обаның құлакты, айдарлы грифондарына барыс, ит және т.б. жан-жануардың, аң-құстың белгілерін төліген болса², №36 обадағы грифондарға тылсым қасиетін беру максатымен төбесіне айдар тәріздес бұлан мүйізін қосқан. Осы бұлан мүйізінің болуы себепті біз оны **бұлан-грифоны** деп атайдыз.

Бұлан аны (бұғымен қатар) ежелден Еуразия кеңістігінің орманды-дала аймақтарын мекендей, аңшылық көсібі мен соған орай туындаған отырған түрлі миф-аныздардың басты нысаны болғандықтан қөптеген халықтардың өнерінде өз таңбасын қалдырып отырған жануар. Оның хронологиялық шенберін айта кетер болсак, шартты түрде неолиттен қазіргі құнгі петроглифтерге дейін, қола дәуірінің заттарында, аң стиліндегі орындалған ерте темірдең тайпалардың мәдени мұралары мен ортағасырлық бейнелеу өнерінде кездеседі. Бұлан бейнесін Орта және Алдыңғы Азиядан кездестіре алмаймыз. Солтүстік Қара теңіз бойындағы скифтер мен олардың шығысындағы сак (сібір) өлемінің өнеріндегі кең танымал мотив. Алтайдың үлкен обаларына (Тұяқты, Башадар, Пазырық) көз жүгіртпі өтсек шөпкоректі андар ішіндегі ең кеңтарағаны, әшекей ретінде көп ойылғаны бұлан аны болып шығады екен. Архар, бұғы, акбөкен (сайғак), тау текелерден асып түсін, оның жалпы саны – 140 дана³. Енді оған Берел обалары мен сонғы жылдарда табылған ірілі-ұсақты басқа обалардан табылған бұлан бейнелерін қосыныз. Әңгіме арқауы болып отырған аң бейнесі кейбір талас тудыратын образдардан айырмашылығы таза сак-скифтік, яғни

еңгізге өнірден, мәдениеттен келген “кірме” емес. Ежелгі шеберлер бұланды азаған өзге-шелікпен суреттеп, бейнелеуде сан-алуан тәсілдер мен стильдерді қолданған: бұланның тек басының неше құбылыған түрлері, жайылып жүрген, желіп бара жаткан, үйелеп қалған немесе “аяғы аспаннан” келе құлаған бұланның толық денесі салынған, жыртқыштарға жем болған бұландар және т. б. калыптардағы түрлері бар.

Біз қарастырып отырған “берелдік” бұландар (№36 оба) ішіндегі жүген мен ер-тұрманың ілдіргісі болған, бір-біріне қарама-қарсы қарал қалған қос бұлан-грифонға (1f,g-сур.) ең үқсас келетіні Тұяқты обаларынан⁴ және Берелдің 11 обасынан шыққан бұлан бейнесіндегі ілдіргілер (1c,d,h,i,j,k-сур.). Екі обадағы бұландардың (бұлан-грифонының) дәңгелек көздерінің сәл жоғарғы бір жақ шеті тілінің көрсетілген. Басқа үқастықтар жалпылама алғандағы, шартты түрдегі жақындықтар болып табылады. №36 обаның бұлан-грифондарының имек тұмсығы мен басы тұтас, бірігіп кеткен. Желкесі мен алқымындағы жалы қабыршақ тәрізді ойып көрсетілген. Бір қабыршақ сайын қызыл болумен әрлекен. Сонымен катар қызылмен мүйіз іші және бұлан-грифонның ұзын аккуша ілгендегі мойны орнатылған тұтырағы төрт бұрышты ойық іші де боялған. Тұяқты обасы мен №11 обаның бұландары бір-біріне теріс қараған және басты ерекшелігі олар грифон емес, жай бұлан ғана.

Берелдің №11 обасындағы 13 жылқының біреуінің жүгеніне сән мен бірге мән берген ілдіргі-тогадағы қос бұланының ілгендегі мойны бір ортақ мойыннан басталған (1c-сур.), сәл жымырайған шектен тыс үлкен құлактарының ұшы өзіне сай ірі мүйіздері арасында түйіскен. Берелдік бұлан мүйіздерінің толқындай ойылу тәсілі бірдей және Пазырық обаларынан шыққан былғары аппликациялы кораздың айдарына жақындығы байқалады⁵. Тұғыр ретінде аяқтарын бауырына жинап, басын көтере онға бүрган бұланың он жақ бүйірінен қарағандағы бейнесіне орналастырылған. Обы өзені бойынан табылған бұлан⁶ (грифоны) мен осы “берелдік” бұландар-

² Базарбаева Г. Звериные образы искусства ранних кочевников Казахского Алтая // Известия АН РК. Серия общ. наук. Алматы, 2002. №1 (236). 42-47-бб.; Киясбек F. Қазақ Алтайы ежелгі өнеріндегі грифон бейнесі // КР ҰФА-ның Хабарлары. Алматы, 2003. №1 (239). 212–222-бб.

³ Баркова Л.Л. О хронологии и локальных различиях в изображении травоядных и хищников в искусстве ранних кочевников Алтая (опыт статистического анализа) // АС ГЭ, 1995, 62-б.

⁴ Руденко С.С. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. М.; Л., 1960, 136-сур.

⁵ Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. 1950, табл. ХVII; Руденко С.С. ... 1960, 135-сур.

⁶ Адамов А.А., Хрисонопуло Г.Ю., Бородовский А.П. Предметы скифо-сибирского звериного стиля из Новосибирского Приобья (по материалам курганной группы Почта-3) // Известия Сибирского отделения АН СССР. Новосибирск, 1990. Вып. 2.

дың төмен салбыраған, имек танаулары құс тұмсығына өте жақын, ұқсас келеді (1a,b,c,d-сур., 2g-сур.). Осыған қарағанда аталған бұландар №36 обаның бұлан-грифондарына “айнал” бастаған бір өтпелі кезеңдегі бұландар сияқты өсер береді.

Укок обаларының ілдіргілері⁷ (1h,i-сур) дәл “берелдік” жылқының шеке тұсына ілінген әшекейіне (1f,g-сур) бірден-бір жақын аналог: қыран текстес грифондар бір-біріне қарсы қараған, мойындары иіліп келіп, тұмсықтарын түйістірген, құлағы артынан басталған жалдары желке бойына созылып, тұғырға келіп тіреледі. Айырмашылығы біздегі грифонда айдар жок, көлденен ромбы тәріздес тұғырға орналасқан мойындары дөңгеленіп келіп қосылған.

Берелдің №36 обасынан табылған S-тәріздес немесе қазақ халқының ұлттық өнерінде балдақ деп аталатын ою түріндегі сұлыққа (1e-сур) Пазырық, Ақ-Алаха, Берел обаларынан шыққан басы қыран текстес грифон түрінде ойылған⁸ және басы бұлан түріндегі (1b-сур.) сұлықтар неғұрлым жақын келеді.

Табиғаттағы бұлан аңының мүйізі артқа қайрылып, бұғынікінен айырмашылығы бұтақтары азырақ тармақталып, мүйіз негізіне (жауырынына) біркелкі бөліне орналасады. Осындағы жақын бейнелерді Пазырық, Есік және Берелдің 11 обасы мен Эрмитаж жинағындағы бұйымдардан көре аламыз⁹ (1b-сур.). №36 оба бұлан-грифондарының мүйіздері алға қарай тармақталып берілген және ілдіргілердегі мүйіздер басынан алшақ жатса, сұлықтағы мүйіздер басына, дәлірек айтқанда маңдайына (тұмсығына қоса) тиіп тұр. 11-обаның сұлығындағы бұланның алқымында дөңгелене келген сақал тәріздес өскін-“сыргасы” бар. Мүйіз бен осы ерекше өскін-“сырга” бұланның тек еркектерінде ғана болады. Берелдегі ара қашықтығы 80 м ғана болатын екі обадағы бұлан бейнесінің – мүйізі, көздері, құлактары бір-біріне ұқсамайды, бірін-бірі қайталамайды. Бұл екі обаның уақыты жағынан және образдардың түрлілігінен болған өзгешелік және ең бастысы ежелгі Алтай шеберлерінің ағаш, мүйіз оюдағы қайталанбас шеберліктерінен екенін баса айта кетсек артық болмас. Осы шеберліктері мен мифо-поэтикалық түсініктірінің бірлігі нәтижесінде бұлан-грифоны сияқты полисемантикалық образ дүниеге келген (1-сур.).

Кез келген образ бен сюжетті, я болмаса көне дүниетанымды болсын қалпына келтіру көбіне-көп болжаммен ғана шектелетіні және ол бұлжымас ақиқатпен атсалыса алмасы анық. Үндіеуropa және түркі-монгол халықтарының мифологиясында үлкен орын алған бұлан мен бұғы туралы миф-аныз, эпос-жыр, дәстүр мен ғұрыштар ғасырлар тұнғызынан бізге жеткен ежелгі мәдениеттердің өзіндік “мәтіндерінің” мазмұнын түсінуге белгілі бір деңгейде көмектесе алады. Қолда бар осы деректерге қоса биология, лингвистика, ономастика және астрономия ғылымдарының қосалқы мәліметтерін де пайдалансақ Еуразияның ұлы даласын қоныс еткен халықтарға, сақ-скиф тайпаларына қоса, ортақ бір мифологиялық жүйе шығарар едік.


Бұлан-грифоны деп шартты түрде атаған образымыздың мәніне үнілмес бұрын бұлан образын жеке қарастырып, зерттеушілердің пікірлеріне қысқаша тоқталып көрелік. Бұлан образы бұғы образына көп ұқсас келеді. Бұлан образының мән-мазмұнын шешүгे талпынған ғалымдардың бірқатары бұғыға қатысты аныздар мен әфсаналарды пайдалана отырып, екеуін қатарластыра, қабаттастыра қарастырады. Расында да биологиялық тұрғыдан бұлан бұғы тұқымдастына жататын ірі аң. Осы ірілігіне орай сонау палеолиттен бүтінгі құнға дейін ол аңшылықтың орталық нысанасы болып келді. Жоғарыда айтты өткендегі, бұлан бейнесін неолиттен бастап жартастарға суретін таңбалады, қолы жеткен материалдан оның мүсінін ойды. Бұланның желіп бара жатқан, жайылып жүрген, тыныс алып дем алып жатқан, буаз күйіндегі, иттердің қамауда қалып олжаболған, садақ жебесіне ілінген аңшылық сюжеттері, жыртқышқа жем болған немесе аяғы аспаннан келіп құлаған әрқишли қалыптағы жүздеген-мындаған бейнелері оның адамзат өміріндегі: аң аулауда болсын, дүниетанымда болсын, түрлі ырым-жоралғылар мен дәстүрлерде болсын үлкен орын алғанының дәлелі.

Сақ-скиф тайпаларының өнері мен мифологиясындағы бұлан бейнесіне арнайы бағышталған мақалалар көп емес, оның бірқатары жартастағы суреттерге арналған. Бұланның (бұғының да) мән-мазмұнын тәғсірлеген ғалымдардың пікірі сан-алуаң, кейде тіпті бір-біріне қарама-қайши.

⁷ Полосынак Н.В. “Стерегущие золото грифы”. Новосибирск, 1994, 506, 55,57-сур, 516, 58-сур.

⁸ Грязнов М.П. ...1950, табл. YI; Н.В.Полосынак... 1994, 55,58-сур.; Самашев З., Жумабекова Г., Базарбаева F. Берел. Алматы, 2000, 47-б.

⁹ Руденко С.С. ... 1960, 136-сур.; Акишев К.А. Курган Иссык. М., 1978, 100-103-б.



1-сурет. Ат өбзелі өшекейіндегі бұлан, грифон және бұлан-грифон бейнелі ілдіргілер

Ежелгі Сібір мен Алтай халықтарының діни дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуымен бұлан бейнесі бір жағынан өзінің табиғи болмысын сақтай отырып, екінші жағынан, құрделі мифо-поэтикалық мазмұнмен толыға түскен. Солтүстік Азия жартастарындағы бұлан бейнесінің сипаты мен мән-мазмұнын егжей-тегжейлі қарастырған Н.М.Маркдорф-Сергеева, оны төрт топқа жіктеген¹⁰. Бұлан аны адамзатты қоршаған Табигат-Ананың (Жер-Ананың) бір бөлшегі, оның өзіне ғана тән әдеті, мінез-құлқы бар. Осы түр ерекшеліктерін неғұрлым дәл және барынша өсем көрсетуге тырысқан аңшы-суретшілер бұланды аулаудағы сюжеттер мен аңшылық салт-дәстүрлерді жартас бетіне “сипаттауға” тырысқан. Осындай бақылап, зерделеуінің нәтижесінде бұланның еркегінің шапқан, ұрғашысының қашқан, жұкті болған, туып жатқан және т.б. түрлі табиғи популяциялық құбылыстары тас бетіне түскен. Бұл бұланның табиғаттағы мінезін (негізінен жыныстық) көрсететін бірінші топтағы бейнелер.

Енді бір топ бейнелерде бұланды сактау, көбейту, тірілту мақсатындағы “аңшылар” мен “бақсылардың” салт-ғұрыптық амал-шаралары көрсетілген. “Бақсылық” тақырыптағы композицияларда бұланның (бұландардың) қасында қолында асатаяғы немесе сылдырмағы бар “мүйізді” бас киімдегі антропоморфты фигура-лар, қолын көкке созған адамдардың сұлбаларында жай ғана рулық мереке бейнеленіп қана қой-маған, сонымен қатар орман иесін, бұланды “тамақтандырып”, мейірімін алып, рудын берекесі мен аңшы табысын сұрап, жалбарынған көріністер таңбаланған¹¹. Қонтекеген зерттеушілер бұланның (бұғының) этнографиялық материалдағы бейнесі мен петроглифтердегі бейнесінің ұқсастығын айтады, мысалы, алтай мен тува-лық бақсылардың музикалық аспабы топшур мен дауылпазындағы марал бейнелері. Аталмыш халықтардың түсінігінде, бұғы бейнесі – жебеуші-рух және бақсының ата-бабасы дегенді білдіреді.

¹⁰ Маркдорф-Сергеева Н.М. Некоторые вопросы семантики образа лося и его композиций // Археология Южной Сибири. Нов-к, 2003. 79-б.

¹¹ Окладников А.П. Петроглифы Ангара. М-Л., 1966, 130-табл.

Бұланмен жыныстық қатынасқа түскен (куйек, қашу) немесе оның алдында өте ірі фаллосымен тұрған еркек сынды көптеген сюжеттерде табиғат пен еркек-өндірушінің жігіттік қуатының оянуын тойлаған ғұрыптар және бұлан санын көбейтуді көздеген “ізгі амалдары” жатса керек¹². Осы сияқты жартастағы сюжеттердің сарқыншағы, әлде жаңғырығы іспеттес ғұрыптар ханты, эвенкі және т.б. солтүстік халықтардағы этнографиялық деректерінде кездеседі¹³. Сол халықтардың сенімдері бойынша бақсы бұланның ұргашысы кейпіне кіріп, онымен бірігіп кетіп, өз соңынан бұқаларын ертіп кете алатын қасиеті бар екен-мыс. Осының негізінде бұдан да күрделі, яғни әйел-ан, бұлан-ана, андардың аргы анасымен “жыныстық қатынасқа” түскен адам (бақсы) аңшылықта табысқа жететін қасиетке ие болады дейтін түсініктер қалыптасады. Едөуір кейінгі дәуірлерде осы түсініктер әйел мен аң некесінен батыр, яғни ру-тайпаның аргы ата-бабасы туылады деген анызға айналуы мүмкін дейді Н.М.Маркдорф-Сергеева¹⁴.

Алайда, зерттеушілердің бірқатары В.И.Абасев және т.б. ғалымдардың ұсынған тотемдік теориясына, яғни ру-тайпаның аргы ата-бабасы бұлан-бұғыдан басталады дейтін шежіре-өфсанасына қосылмайды. Сақ-скиф тайпалары мен кейінгі түркі халықтары адамзат дамуының тым ертеректегі кезеңіне тән тотемизм секілді діни наным сатысынан әлдеқашан өтіп кеткен десек те, аныз-өфсанаса, ертегі мен эпостарда солардың жаңғырығы, жұрнағы сөз жоқ сақталған. Сақ тайпасының өз атавы “сақ, сақа” және сібірдегі түркітілдес саха халқының этонимі “бұғы, бұлан” дегенді білдіреді екен. Орыс тіліндегі сохатый сөзі де осы аңды білдірген және ол түркі тілінен енген болуы өбден мүмкін. Қазактар асықтың төресін “сақа” дейді, ал “сақ” деген анықтауыш сөзі өте мұқият, құлағы түркі адамға, итке және т.б. қатысты айтылады. Бұлан-бұғы андарының табиғаттағы өте сақ міnezі және сақадай сай дене бітімі мен бойындағы түрлі бақса да қасиеттеріне сүйсінген, оны өзінің Анасы немесе Атасы санаған халық өзін-өзі немесе өзгелері сақ-сақа деп атап кетуі де мүмкін ғой?! Мысалы,

қырғыздарда өздерінің шығу тегін Бұғы-Ананың бесіктегі бақаны асырап алуынан тарататын аңзызы және “бұғы”, сары-бағыш (қырғызша бағыш – бұлан деген сөз) дейтін ұлken ру атаулары бар¹⁵. Бұлан-Ана образына тағым ету б.д. I-II м.ж. басында Кама өзені жағалауындағы халықтардың мифопоэтикалық дқстүрі мен көркем өнерінде өз жалғасын тапқан¹⁶. Бір таңқаларлығы түркітілдес халықтардың кейбіреуі ғана бұланды “бұлан” деп атайды, бағым көпшілігі бұғы (буғу, буга) немесе орысша лось деп атайды екен.

Келесі топтамада табысты көсіп пен олжаны дәметкен аңшылық магияларға байланысты көріністер жинақталған. Бұланға байланысты аңшылық ырымдар мен тыбымдар эвенкілер, ороштықтар, кеттер, хантылар, мансилар, сахалар мен бақса да сібір халықтарының магияларының бір белгін құрайды. Аңшылықтың ойдағыдай сөтті өтуіне бағышталған арнайы ғұрыптық мейрамдар көктем мен күзде эвенкі, ханты коряқ, чукча, кумандық, долган, эскимостарда өткізіледі. Бұл ғұрыптардың негізгі мақсаты – анды өзіне баурап алу, олжалау, аңшылықтағы қауіпсіздік пен өлтірілген аңның киесінен қорғану екенін көптеген зерттеушілер атап өткен.

Құнделікті құнқөріске деген мұқтаждық алдымен аңшылардың, кейінірек бақсылардың өткізетін бірқатар магиялық ырымдарын дүниеге келтірген және белгілі бір дәстүр мен тыбымдардың сакталуына әкеп сокқан.

Сібір мен Америка халықтарының бақсылары, өз практикасында ерекше күш түріне арқа сүйейді, ол күш-куатты беруші рухтар бар деп біледі. Әр бақсының (тіпті әрбір адамның да) кем дегенде, бір корғаушы рухы және бірнеше көмекші (жебеуші) рухы болады екен. Жер өлемнің әр түкпірінде қорғаушы рухты әртүрлі атпен атайды. Мысалы, Сібір бақсылары “жетекші рух” деген сөзді жиі колданса, Мексика, Гватемалада оны “нагваль”, Еуропада жай ғана “рух”, “корғаушы періште”, Австралияда – “жебеуші тотем” деп атайды. Қалай болғанда да рух барлық жерде бақсы күшінің қайнар көзі болып табылады. Корғаушы рухтың ең кең тараған түрі – жануарлар күші деп аталады екен. Яғни,

¹² Окладников А.П., Мартынов А.И. Сокровища томских писаниц. М., 1972. С. 56, 62, 64-67, 91-сур.

¹³ Кулемзин В.М., Лукина Н.В. Васюганско-ваховские ханты в конце XIX-нач. XX вв. Томск, 1977, 167, 179-66.

¹⁴ Маркдорф-Сергеева Н.М. ...2003, 82-б.

¹⁵ Айдаркулов К.О. О некоторых аспектах звериного стиля в эпосе “Семетей” // Скифо-сибирское культурно-историческое единство. Кемерово, 1980. С. 264.

¹⁶ Оятева Е.И. Мифологические персонажи и их отражение в художественной пластике Прикамья I-нач. II тыс. н.э. // АС ГЭ. С-Пб, 2001. Вып. 35. С. 161-164-66.

жебеуші рух пен жануарлар күші екеуі бір нәрсе. Адамдар мен жануарлар дүниесі арасындағы тылсым байланыс бақсы үшін ен өзекті, аса манызды шаруа. Бұл қарбалысқан дүниедегі атсалысу да өз білімі мен тәжірибесін колданған бақсы өзінің жебеуші рухы немесе жануарлар күші арқылы сұтқоректілер, құстар, балықтар және тағы басқа маклұқаттар өлемінің құдыретімен байланыска түседі¹⁷. Жануарлар күші образындағы рухтар өлеміне сапар шеккен бақсы, олар жөнінде өртүрлі білім жинақтайды. Мысалы, бұландағы жануар күші бар адам даналық пен қара (физикалық) күш қабілеттеріне ие болып, өзін-өзі қастерлейтін, үлкендермен жақсы қарым-катынас жасайтын, аруақтар өлеміне, яғни өлілер өлеміне өтіп, қайта алатын мүмкіндіктерге қол жеткізеді екен¹⁸. Дәл осы жерде казақ тіліндегі бұлан сөзімен байланысты қөптеген зат есім, сын есімді сөздер көкейге оралады. Тұылғанынан еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген адамды, я болмаса жануарды “бұла өскен, бұлан өскен” деп айтады. Халық арасындағы Бұлан (Хазар қағанатының қағаны), Еркебұлан, Бұланбай секілді ер азamat есімдерінің кездесуі – көрінгеннің ырқына көне бермейтін бұландай жануардың ерекше қырларын адамға тенеуден, “сондай болса екен” деген ізгі ниеттен туған ырым екені даусыз. Кандай да бір ширақ күш пен мол кайратты, тың қуатты білдірген кезде де “бұла күш, бұлан күш” деген тіркесті пайдаланған. Тіпті көздің қырағылығына да қатысты “бұлан көз” деп, бұланның көзіндегі көрегендігін білдірген. Қазақ халық өдебиетіндегі жыр жолдары мен қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларында астан-кестен, айғай-шу шығара жауға қарай атойлауды, аттандайды білдірген “бұлан-талаң”, “бұлағай салу” сөздерін қолданған¹⁹. Осы келтірілген мысалдардан қазақ халқы мен оның арғы ата-бабаларының бұлан аңының мінез-құлқы мен қасиеттерін жетік білгенін және сол білімдерін фольклорда пайдаланғанын көреміз.

Мүйізінде күн белгісі бар бұлан, бұлан мен құс, бұтақ-бұтақ мүйіздері бар бұлан мен бұғы, кеністікте жүйткіп бара жатқан бұлан бейнелері – осының бәрі күннің, жарықтың, оянған табиғат-

тың, өмірдің (тіршілік) нышандары болған болуы мүмкін. Яғни адамның жаратылыс негіздерін түсінуге (немесе түсіндіруге) талпынысы, коршаған өлем, Ғалам және оның құрылымы мен құрамадас бөлшектері туралы түсінігі көрініс тапқан бейнелер жинағы. Қөптеген зерттеушілер бұлан-бұғы және оның жанындағы күн белгілерін Тәңір немесе соның бір бөлігімен (атрибут) теңестіреді. Енді бір топ зерттеушілер сак-скиф тайпаларындағы бұл жануарды (сонымен қатар қиял-ғажайып бұғы – жылқы-құсты) бірінен-бірі ажырамас күн және өніп-өсү, қөбеюдің (плодородия) нышаны болған деп, өмір бәйтерегі және осыдан шығатын Құдай-Ана культімен біріктіреді²⁰.

Сібір өзендерінің жағаларында қоныс аударушы мыңғырған жануарлар табындарын күткен халықтың образында, символында, салт-дәстүрі мен ғұрыптарында бұғы-бұлан туралы миф сарыны мен сюжеттері туындал, бекіп отырған. Қауымның, белгілі бір тобы ғана емес, еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін күткен Ұлы мезет, олардың жадында Тәңір сыйлаған құтты күн болып қалған. Адамдар шексіз ризашылығын бұланға емес, осы баға жетпес сыйды беруші Уақытқа, Құнге, Айға білдірген, яғни бұланды Қөктің жіберген сыйы ретінде қабыл еткен. Аталмыш образындағы негізгі сарыны және оның ғарыш нышаны сияқты философиялық идеялары міне осылай қалыптасқан болса керек²¹. Бұлан мен бұғы негізгі сюжетті құраған қөптеген Сібір жазбалары, осы жануарлардың көші-кон жалдарында орналаскан. Уақыт өте келе бұл орындар, коршаған ғалам туралы түсінігімен толыққан ежелгі адамдардың мифологиялық санасында, құт-береke “көймасына” айналған. Бұғы-бұландардың көші-кон уақыты өмірдегі белгілі-бір уақыт айналымының аяқталар тұсы деп кабылданып, ол күні үлкен сабан тойлар жасалған.

Еуразия халықтарында күннің жыл сайын шенбер бойы айналып тұруына қатысты аңыз кен тараған. Ол бойынша қандай да бір жануарды (бұланды, жиірек бұғы немесе маралды) аңшылар қызып келеді. Құғыншылар аюдын, росомаханың, қасқырдың, арыстанның келбетіне кіре алады. Ал тувалықтар Жеті Қаракшы мен Орион


¹⁷ Шаманизм. Минск, 2002. С. 225-227.

¹⁸ Шаманизм... 238-б.

¹⁹ Қобыланды батыр, Қероглы және т.б. // Батырлар жыры. Алматы, 1994.

²⁰ Кузьмина Е.Е. Конь в религии и искусстве саков и скифов // Скифы и сарматы. Киев, 1977, 105-106-б.; Килуновская М.Е. Интерпретация образа оленя в скифо-сибирском искусстве // Скифо-сибирский мир. Н., 1987. С. 106.

²¹ Абсалямов М.Б. Миф в древнем искусстве и культурах Сибири // Наскальное искусство Азии. Кемерово, 1997, №2. С. 47-48.



2-сурет. Өнердегі мифологиялық бұлан (бұғы)-грифондар

шоқжүлдыздарын құрметтеген, оның мәнісі марапалды аңдып жүріп, көкке көтеріліп кеткен аңшы туралы анызда болса керек. Барлық тіршіліктің негізі болған Бұлан-Ана бастамасын жасаған әлем құрылымы туралы этимологиялық, космогониялық және астральді мифтер, ертегілер мен әфсаналар Сібірдің орманды өлке халықтарының дүниетанымының ауқымды қабатын құрайды. Бірқатар зерттеушілер бұландың күнді ұрлап кетіп, сонынан иттерімен ғарыштық аңшы куалайтын (мәңгілік құғын тақырыбы) Ғалам нышаны²², Ғаламның төмөнгі әлемі²³ деп көрсетеді.

Жартастарға жалғыз бұланды немесе бір үйірін жыртқыштардың –касқыр немесе иттердің қуып келе жатқан бейнелерін өте жиі салған. Қолданбалы өнерде де бұланның жыртқыштардың шабуылына кез болуы немесе жем болуы көп

кездесетін сарын²⁴ (2h,i-сур.). Г.А.Федоров-Даудовтың тұжырымында талау сахналары бір жануардың екіншісімен желінуін, бір құстің екіншісіне берілуін білдіреді²⁵. Бұл қоңілге қонымды, себебі мұндай құбылысқа біз көптеген мысал табамыз. Жоғарғы Удэден табылған алтын қапсырмада (2d-сур.) мүйіздері күн сөулесіндей тарамдалып, ұштары, құйрығы сияқты, құстың басы болып аяқталған бұғы (бұлан)-грифонының денесінде архардың желкесіне тісін басқан барыстың басы мен қанат қакқан құстың жартылай денесі өте үйлесімді, шебер түсірілген.

Е.Е. Кузьминаның пікірі бойынша, скифтердің өнердегі талас-тартыс көріністі бейнелері үндіраңдықтардағы ғаламның жаратылу сөті және табиғаттағы қарама-қарсы құштердің –әлемдік үйлесімділіктің (гармония) ретсіздікпен

²² Окладников А.П. Шишкинские писаницы – памятники древней культуры Прибайкалья. Иркутск, 1959. С. 104.

²³ Окладников А.П., Мазин А.И. Писаницы Олекмы и Верхнего Приамурья. Н-ск, 1976. С. 53; Дэвлет М.А. О солярных знаках, “солицерогих” и “солнцеголовых” в наскальном искусстве // Наскальное искусство Азии. Кемерово, 1997. С. 12.

²⁴ Руденко С.С. ... 1960, 151a,в,ж,к-сур.

²⁵ Федоров-Давыдов Г.А. О сценах терзания и борьбы зверей в памятниках скифо-сибирского искусства // Успехи среднеазиатской археологии. Л., 1975. Вып. 3.

(хаос), жарық пен түнектін, өмір мен өлімнің дуальдық күресі жөніндегі түсініктерінің көрінісі екен²⁶.

Аңшылық және талау сахналары өзара байланысты. Олар ескі мен жаңаның, өмір процесінің нышаны.

Табиғатта сымбаты мен мінезі көркем, тұлғасы ғаламат бұлан-бұғы жануарына деген ежелгі аңшылардың сүйсінуі, оның ізгі касиеттерін жылқы мен оның иесіне дарытуға тырысқан түрлі ырым, шараларды өмірге әкелді. Тәңірдің өзі берген бұланның өткір көзі, қара күші, бірнеше қабат дүние арасында кезіп жүретін қасиеті мен киесі жылқыға берілсе, соңғысы дәл сондай мүмкіндіктеге ие болады деген нағымды тудырган. Бұлан және бұлан-грифонды ат әбзеліне ғана емес, аксүйектер мен ханзадалардың белбеу қапсырмасына, бас киімдеріне де өшекей-нышан ретінде пайдаланған. Қөпқырлы мән-мазмұнға ие болған бұлан-грифоны жөніндегі (2-сур.), ежелгі көшпелілердің санасында туындаған, түрлі аныз-

әңгімелер мен ертегі-әфсаналар, Еуразияның халықтары арасына тараған.

Резюме

В данной статье рассматривается самый распространенный из травоядных образ лося (Берел, курган №11) и мифический образ лоссе-грифона (Берел, курган №36) в искусстве раннего железного века Казахского Алтая и не только. Автор приводит тюрко-монгольские мифологии связанные с образом лося и на основе этого пытается интерпретировать полиморфный, полисемантический образ лоссе-грифона, распространенный на обширных территориях Евразийской степи.

Summary

The most widespread image among herbivorous animals an image of the elk (Berel, mound №11) and mythic image of the elk-gryphon - (Berel, mound №36) in the art during Early Iron Age of Kazakh Altai is considered in the article. The author cites the Turkic-Mongolian mythologies connected with an image of the elk and on this basis attempts to interpret a polymorphic, polysemantic image of the elk-gryphon distributed on vast territories of the Eurasian steppe.

²⁶ Кузьмина Е.Е. Сцены терзания в искусстве саков // Этнография и археология Средней Азии. М., 1979.